

Аңдатпа

Дипломдық жоба «Жиілікті түрлендіргіш – асинхронды қозғалтқыш» жүйесі бойынша бойлай – жону станогының электр жетегі тақырыбына орындалған. Оған келесі бөлімдер кіреді: арнайы бөлім, өмір тіршілік қауіпсіздігі және экономикалық бөлім.

Арнайы бөлімде бойлай жону станогы үшін қандай қозғалтқыш тиімді болатыны туралы есептеулер келтірілген. Сонымен қатар бойлай-жону станогының жұмыс істеу принципі қарастырылды. Осы станок үшін электр қозғалтқышы таңдалып, оның механикалық және электр механикалық сипаттамалары тұрғызылды.

Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі бөлімінде техникалық персонал үшін өрт, электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету қарастырылды. Сондай-ақ өндірістік шудан және дірілден қорғану үшін қосымша шаралар қажет пе немесе қажет емес пе екені қарастырылды.

Экономикалық бөлімде станок үшін қандай қозғалтқыш тиімді, оның өндіріске енуі үшін қаншалықты қаражат қажет екендігі есептелінді. Қозғалтқышқа кететін қосымша шығындар анықталады. Энергетикалық тиімділігіне көз жеткіземін.